

"Қазақстан Республикасы теңізшісінің жеке куәлігін беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2016 жылғы 25 ақпандағы № 223 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 4 мамырда № 13681 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 17 тамыздағы № 433 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 17.08.2020 № 433 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1-тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған "Қазақстан Республикасы теңізшісінің жеке куәлігін беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Көлік комитеті (Ә.А. Асавбаев):

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін оның көшірмелерін баспа және электрондық түрде күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға, сондай-ақ тіркелген бұйрықты алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Республикалық құқықтық ақпарат орталығына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму
министрінің міндетін атқарушы

Ж. Қасымбек

"КЕЛІСІЛГЕН":

Қазақстан Республикасының
Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы

_____ В. Жұмақанов

2016 жылғы 26 ақпан

"КЕЛІСІЛГЕН":

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі

_____ Е. Досаев

2016 жылғы 6 сәуір

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің
2016 жылғы 25 ақпандағы
№ 223 бұйрығымен
бекітілген

"Қазақстан Республикасы теңізшісінің жеке куәлігін беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 05.11.2019 № 825 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. "Қазақстан Республикасы теңізшісінің жеке куәлігін беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Министрліктің Көлік комитетінің аумақтық органдары – Порттың теңіз әкімшілігі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жүзеге асырылады.

2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 05.11.2019 № 825 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

1) көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге қажетті құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап – 13 (он үш) жұмыс күні;

2) қажетті құжаттар топтамасын тапсыру үшін кезекті күтудің рұқсат етілетін ең ұзақ уақыты – 15 (он бес) минут;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілетін ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минут.

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 22.10.2018 № 720 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – Қазақстан Республикасы теңізшісінің жеке куәлігін (бұдан әрі - ТЖК) беру.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз түрінде.

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет ақылы негізде жеке тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетіледі. Мемлекеттік қызметті көрсеткені үшін мемлекеттік баж алынады, ол "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы кодексінің 540-бабына сәйкес ТЖК бергені үшін мемлекеттік баж төлеу күніне белгіленген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінің 500 (бес жүз) пайызын құрайды.

Төлем екінші деңгейдегі банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы қолма-қол ақшалай немесе қолма-қол ақшасыз нысанда жүзеге асырылады.

8. Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 13.00-ден 14.30-ге дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ге дейін.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз кезек тәртібімен көрсетіледі.

9. Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттың 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушы туралы мәліметтерді қамтитын ТЖК-ні беру туралы өтініш-сауалнама (бұдан әрі – өтініш-сауалнама);

2) жеке басын куәландыратын құжат:

Қазақстан Республикасының азаматы үшін – Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжат;

шетелде тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының азаматы үшін – Қазақстан Республикасының шетелдік мекемелерінде консулдық есепке қойылуы туралы таңбасы бар Қазақстан Республикасы азаматының паспорты;

Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетел азаматы үшін – шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруына ықтиярхат және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеке басты куәландыру ретінде танылатын азаматтығы мемлекеті берген өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжат;

Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ тұлғалар үшін – азаматтығы жоқ тұлғаның куәлігі;

3) алып тасталды – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 22.10.2018 № 720 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4) өтініш беруші кеме бортында оның экипажы құрамында кез келген ретте жұмыс істейтінін растайтын құжат (жоқ болған жағдайда дипломдар, маманның біліктілік дайындық деңгейіне сәйкестігін растайтын біліктілік және арнайы куәліктер, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша медициналық анықтама қабылданады);

5) оның еңбек қызметін растайтын құжат (еңбек кітапшасы, одан үзінді, жұмыс орнынан анықтама, теңізде жүзу кітапшасы) не оқу орнынан анықтама.

Көрсетілетін қызметті алушының кемеде жұмыс істейтінін растайтын құжат ретінде көрсетілетін қызметті берушіге мынадай құжаттар ұсынады:

1) Қазақстан Республикасының аумағында белгіленген тәртіппен тіркелген және осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес капитанды және экипаж мүшелерін жалдауға құқығы бар кеме иесінің ұсынысы;

2) кемеде өтініш берушінің айналысатын қызметі туралы жазу бар теңізде жүзу кітапшасы;

3) Қазақстан Республикасының портынан шығатын кеменің кемелік рөлі (ерекше жағдайларда, рейске шығатын кеме экипажының мүшесін ауыстыру қажет болған кезде).

Көрсетілген құжаттармен бірге көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге олардың көшірмелерін ұсынады. Салыстырып тексеруден кейін құжаттардың түпнұсқалары көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады.

Портында кеме тұрған мемлекетке немесе транзитпен өту мемлекетіне шығу (кіру) мәселесін шешу үшін үйлестіру орталығына шет мемлекеттердің иммиграциялық билік органдарының және басқа да құзыретті органдарының сұрау салуы бойынша ТЖК иесінің биометрикалық деректерін жіберуге құқық беру үшін көрсетілетін қызметті алушы ТЖК ресімдеу барысында алынған биометрикалық деректердің шаблонын оның мүддесінде пайдалануға арналған өтініш-сауалнамада қамтылатын рұқсатқа қол қояды.

Өтініш-сауалнамаға көрсетілетін қызметті алушы өтініш-сауалнаманы қабылдайтын көрсетілетін қызметті берушінің қатысуымен қол қояды.

Көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын қабылдау аяқталған соң цифрлық камераны пайдалану арқылы оны суретке түсіру және арнайы сканерді пайдаланып, қол саусақтарының таңбасын алу жүргізіледі.

Құжаттарды қабылдау аяқталған соң көрсетілетін қызмет алушыға осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартқа 3-қосымшаға сәйкес қолхат-хабарлама беріледі, онда қабылданған құжаттардың тізбесі және олардың қабылданған күні келтіріледі.

Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 22.10.2018 № 720 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. ТЖК көрсетілетін қызметті алушыға жеке басын куәландыратын құжатын ұсынған кезде ТЖК-ні беру журналына қол қойғыза отырып, жеке өзіне беріледі.

3-тарау. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органдардың, көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды тұлғаларының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жана редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 05.11.2019 № 825 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды тұлғаларының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымдану: шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 14-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті берушінің басшысының

атына не 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1 мекенжайы бойынша Министрлік басшысының атына беріледі.

Жеке тұлғаның шағымында оның тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде), пошталық мекенжайы көрсетіледі. Шағымға көрсетілетін қызметті алушы қол қояды.

Шағымдар жазбаша нысанда көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы жұмыс күндері пошта бойынша немесе қолма-қол қабылданады.

Шағымның қабылданғанын растау көрсетілген қызметті берушінің, Министрліктің кеңсесінде оны тіркеу (мөртаңба, тіркелудің кіріс нөмірі мен күні шағымның екінші данасында немесе шағымға ілеспе хатында қойылады) болып табылады. Министрліктің немесе көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен шағым тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау мен бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгінеді.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау мен бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 05.11.2019 № 825 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы сотқа жүгінеді.

4-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

Ескерту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 05.11.2019 № 825 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Көрсетілетін қызметті берушінің ғимаратында мыналар анықтамалық бюро, күтуге арналған креслолар және өтініштер бланкілерін толтыру үлгілері бар ақпараттық стендтер орналастырылады.

14. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары Министрліктің www.mid.gov.kz интернет-ресурсында ("Көлік комитеті" бөлімінің "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" кіші бөлімінде) және

көрсетілетін қызметті берушінің үй-жайларында орналасқан стендтерінде орналастырылған.

15. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс-орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар.

16. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары www.mid.gov.kz интернет-ресурсында көрсетілген. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс-орталығы: 1414.

"Қазақстан Республикасы
теңізшісінің жеке куәлігін беру"
мемлекеттік көрсетілетін қызмет
стандартына 1-қосымша
Нысан

(өтініш-сауалнаманы келісуге жіберетін мекеменің атауы мен мекенжайы)

20 __ жылғы ____ № ____

Фотосурет үшін орын (мөрмен куәландырылады)

Теңізшінің жеке куәлігін беру туралы өтініш-сауалнама

1. Тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)

(тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде), егер олар өзгертілсе, қашан және қайда)

2. Туған жылы, айы, күні _____ 3. Жынысы _____

4. Туған жері _____
(республика, облыс, елді мекен)

5. Тұратын (тіркелген) жері _____
(индексі, республика, облыс,

(елді мекен, көше, үй, пәтер, телефон)

6. Азаматтығы _____

7. Басқа мемлекеттің азаматтығы (егер бар болса көрсету) _____

8. Жеке басын куәландыратын негізгі құжат

сериясы _____ нөмірі _____ 20 _____ жыл.
_____ берілген _____

(кім берген)

9. Шетелдік паспорт (егер бар болса) сериясы _____ № _____
жыл. " ____ " _____ берілген

(кім берген)

10. Теңізшінің жеке куәлігін алу: бастапқы, пайдаланғанның,
бүлінгеннің, жоғалғанның орнына (қажеттісін сызу).

11. Оқу орындарында оқуды және әскери қызметті қоса алғанда,
еңбек кітапшасынан және теңізде жүзу кітапшасынан соңғы бес жылдағы
еңбек қызметі туралы үзінді көшірме:

Айы және жылы	Қысқартусыз министрлікті (ведомствоны), әскери бөлімнің нөмірін көрсете отырып, лауазымы және жұмыс орны	Кәсіпорынның, ұйымның, әскери бөлімнің тұрған жері (мекенжайы)
түсуі	шығарылуы	

(Өтініш-сауалнаманың екінші жағы)

Айы және жылы	Қысқартусыз министрлікті (ведомствоны), әскери бөлімнің нөмірін көрсете отырып, лауазымы және жұмыс орны	Кәсіпорынның, ұйымның, әскери бөлімнің тұрған жері (мекенжайы)
түсуі	шығарылуы	

Өтініш-сауалнамада көрсетілген мәліметтер Қазақстан
Республикасының аумағында жеке басын куәландыратын негізгі құжатпен,
еңбек кітапшасымен және теңізде жүзу кітапшасымен салыстырылып
тексерілді.

20 ____ жылғы " ____ " _____

(ұйымның немесе кадрлық бөлімше басшысының қолы, аты-жөні, тегі, телефоны)

М.О.

20 __ жылғы " __ " _____

(күні)

(өтініш берушінің қолы)

Мен, _____ өзімнің жеке деректерімді, (тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) саусақ таңбаларының биометрикалық шаблондарын және цифрлық фотосуретті пайдалануға, соның ішінде оларды шет мемлекеттердің иммиграциялық және басқа да құзыретті органдарына тапсыруға, қажет болған кезде теңізшінің жеке куәлігін пайдалана отырып, менің жеке басымды сәйкестендіруге байланысты мәселелерді менің мүддемде шешуге рұқсат етемін.

20 __ жылғы " __ " _____

(күні)

(өтініш берушінің қолы)

Құжаттарды қабылдау күні 20 __ жылғы " __ " _____ Тіркеу № _____

_____ (өтініш-сауалнаманың қабылдаған (қолы, тегі, аты-жөні)

адамның лауазымы)

Теңізшінің жеке куәлігі берілді № KAZ _____ 20 __ жылғы " __ " _____

(нөмірін көрсету) (берілген күні)

"Қазақстан Республикасы теңізшісінің
жеке
куәлігін беру" мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына
2-қосымша

Нысан

20 __ жылғы _____ № _____

**Қазақстан Республикасының аумағында белгіленген тәртіппен
тіркелген және капитанды және экипаж мүшелерін жалдауға құқығы
бар кеме иесінің**

№ _____ ұсынымы

_____ (Теңіз порты әкімшілігінің басшысына)

(тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде))

(туған күні және жері, азаматтығы)

теңізшінің жеке куәлігін беруді сұраймын

ерекше белгілері _____

лауазымына тағайындалған

жұмыс орнының ұсынылғанын куәландыратын құжаттар (кеме атауы, кеме иесі)

Негіздеме _____ 20 ____ жылғы " ____ " _____

№ ____ бұйрық

(лауазымы) (қолы) (аты-жөні, тегі)

М.О.

"Қазақстан Республикасы теңізшісінің
жеке
куәлігін беру" мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына
3-қосымша

Нысан

Қолхат-хабарлама

берілді

(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

20 ____ жылғы " ____ " _____ одан мынадай құжаттар

қабылданды:

Р/с №	Құжаттың атауы	Саны
1	2	3

Ұсынылған құжаттардың жиыны: _____ дана

Құжаттар 20 ____ жылғы " ____ " _____ № _____ болып тіркелді
(құжаттарды тіркеу күні)

Теңізшінің жеке куәлігін беру үшін Порттың теңіз әкімшілігіне
мынадай құжаттарды ұсыну қажет:

(өтініш берушінің аты-жөні, тегі) (қолы)

(құжаттарды қабылдаған лауазымды тұлғаның лауазымы, аты-жөні,
тегі) (қолы)

20 ____ жылғы " ____ " _____
(күні)